



Ғаббас Қабышұлы

«...ИЗАЦИЯ»




Ғаббас Қабышұлы



ТАҢДАМАЛЫ



Алматы
“Ана тілі” ЖШС
2005



ББК 84 Қаз 7—7
Қ 13

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі*

*Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

Ғаббас Қабышұлы

Қ 13 “...изация”. (өзіл-сықақ). Таңдамалы. — Алматы: “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2005. — 288 бет.

ISBN 9965—670—30—7

Сатирик Ғаббас Қабышұлының бұл жаңа кітабына әр жылдары жазылған таңдаулы туындылары және жаңа әңгімелері, пародиясы беріліп отыр. Автор сын-сықақтарында қырық қатпарлы өмірдің, алпыс астарлы адамның, жетпіс жықпылды тірліктің қисындары мен хикметтерін тілге тиек еткен.

Аудармалары да тартымды, автордың төл дүниелеріндей жеңіл оқылады.

Қ $\frac{4702250205}{415 (05) 05}$ — 2005

ISBN 9965—670—30—7

ББК 84 Қаз 7—7

© Қабышұлы Ғ., 2005 ж.

ДЕЙ САЛДЫМ

Бүгінде 70 деген құдың жетегімен 80 деген сағымды ауылға қарай кібіртіктеп аяқ басқан “жігіт жасындағы” менің көретіндерімнен көргендерім пәленбай есе көп. Ал еститіндерімнен естігендерім тіпті не... қайда-а-а! Жақсылық атаулыны айтып отырмын, жаманшылық дейтін атаңа нәлетке назар аударған емеспін, 60-қа қайта апарып тастасандар да аудармаймын!

Күн көтерілетін жақтағы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туып-өсіп, жай ғана социализм жылдарында “Алтай большевигі”, дамыған социализм тұсында “Коммунизм туы”, тәуелсіздік алғанымыздан бері “Ди-дар” аталған гәзеттің редакциясында аянбай, ашынбай жүріп, “Алтай арасы” деген сын-сықақ бұрышын армансыз “мекендедім”. Одан “құтылдым ба, жоқ па” дегенде “Қазақ әдебиетінің” анау әлгі “Бүйенбайына” тұтылдым. Ол ол ма, “Ара-Шмель” жорналында бес жыл “тұтқын” болдым. Содан соң: “Сүзеген сөз”, “Сөз-сойыл”, “Күлкі патшалығы” дей ме-ау... айтшылағандай жүре бердім, көре бердім, әлі де солаймын. Қайда болсам да, нендей мәселені болсын ымдасу-жымдасу “мәселесі” шеше салатынына еріксіз куә болып, “Мәсе-леизация” деген сықақ жаздым. Шапан деген жарықтық жақсы ғой, ата-бабамыз киген, біз де киіп жүрміз, иншалла, бала-немере-шөбере и т. д. бәрі де киер. Соны ойлап-ойлап, “Шапанизация” дедім. Ал енді-енді... қазірде біз бата мен әкімге баймыз, ұзын-қысқа, өлең-қарасөз, семіз-арық, көрі-жас деп сан-сапалақ түрі бар. Соларға “...изация” деп “үн қоспасқа” төзімім тағы жетпеді. Сайлау тақырыбына қойылып жатқан спектакль — өз алдына “жап-жаңа жанр” ғой, солардың біреуіне автор болып, “Ышқыризацияны” жазып шықтым.

Бүгінгі Еуропаның қаласынан “айнымасқа ант берген” көне Алматыда тұрып келе жатқанымға алдағы жылы түп-тура, түп-түгел 40 жыл болады екен, мына жина-

ғымдағы “Алтынизация” соның құрметіне арналды. Қала көшелеріндегі әлем-жәлем жарнамалардың арасында “Алтын” деп басталатыны ай-хой-ой! Қалай қызықпайсың?!

Қай елде, қай тілде, қай заманда жарық көргені есімде жоқ бір сөздікте “изация” — бір әрекеттің, бір құбылыстың көпшілікке ортақ сипатын білдіретін сөз делініпті. Міне, көрген мен естіген дегенім осы жерде көлденеңдейді. Мәселен: коллективизация, мобилизация, индустриализация, химизация, приватизация, капитализация, и-и-и-зация... Оллаһи дейінші, осыларды онша ұнатпадым да, жинағымды “...ИЗАЦИЯ” дей салдым!

Автор



ҚҰРЫП КЕЛІП, ҚҰЛПЫРЫП ҚАЙТТЫ

Күн жадырап тұрған кезде үйіңнің іші-сыртын сылап-сипап, әктеп, сырлап, жылмITYп майлап-жайлап алғанға не жетсін, шіркін! Менде жылдағы еңбек демалысымның алғашқы аптасын сөйтіп өткізетін кәрі әдет бар. Құданың күдіреті, сол “кәрімді” аяқ астында “жасартып” ала қойғым келгені биыл. Сірә, қазіргі жаппай қайта құрудың лебі әп-әдемі әсер етсе керек. Ай-хай әйелім Самалгүл де ойда жоқта “бесті айғырдай иықтап”: — Бақшагүлдер үйлерін кооперативке жөндетіпті, “во!” қылып қатырып беріпті! — дей қалсын.

— Қайдағы кооператив? — демеймін бе.

— “Қайдағы” деп... Мен анау айдағы деген жоқпын ғой!.. “Қайдағы”?! Осындағы, өзіміздегі! Не көп, кооператив көп емес пе? — деп Самалгүлім мені қаламыздың шекарасынан шығарып жібере жаздады.

— И-и-иә?! — дедім. Қарсы шабуылым баяғы. Жоқ мұртымды едірейте қоймай, немене, күн ашықта қорқайын ба! Оның үстіне бөлемнің саяси қателескенін де сезіп үлгірдім. — Кооперативті қыжартпа, үкімет пен партияның жолына көлденең тұрма, партия бұрынғыдай болмаса да, үкімет сенің көз жасыңды құлағыңнан шығарар! — деп дауысымды мұздаттым.

— Жердегі сөздің көбігін аспанға атып жүргендер сенсіз де жетіп жатыр, өйткенше, анау Бақшагүл айтқан “Ақ шағала” кооперативіне барып, адамша сөйлесіп келсеңші! — дейді Самекешім. Дауысымды мұздатпақ тұрғай, өзім мұз болып қалсам да қыңқ демейтін сол қашанғы қалпы. Тіпті ұйқы қыса бастаған сыңайланып есінеп алды да, бөлмеден шығып кетті.

Бақшагүлдей бар болғырдан менің Самалгүлім кем бе екен, намысымды “ерттеп мініп”, алақанымды ысқылап, тісімді ақситып, әлгі “Ақ шағаласына” аман-есен барып, үйіме де аман-есен қайтып оралдым. О, тәңірім! Қолында дым жоқ, қалтасында түп жоқ кооператив те болады екен?!

“Пәтерінді жөндеуге қажетті цементің мен әгінді, бояуың мен лағыңды, тағы нең, бәр-бә-рін түп-түгел жиып, бізді тырп етпей тосып отырасың. Біз бірер аптадан кейін барамыз да, екі-үш аптада тындырып береміз! Пәтеріңнің неше бөлме екенінде шаруамыз жоқ, шаршы метріне тоғыз сомнан ғана аламыз”, деп бір-ақ тоқтады ондағы бастық. Қайтеміз, заманақыр орната зарылдағанына қарай тым құрыса “сіз” деп те сөйлеспеді. Түбі түңілтетіннен дереу түңілетін ережемді ол жолы да сақтап, бұрылып кете бардым. “Әй, қайда кеттің?” деді анау, кеңірдегінің күңгірінен “ақымақ болма!” демегі аңғарылып. Мен қасақана селт етпедім. “Атаңа — нәлет! Ақымақты тапқан екенсіңдер!” дедім іштей. Демегенде ше?! Шаршы метріне тоғыз сомнан төлетпекші! Қырық бес шаршы метр пәтерімді түп-түгел өз материалыммен сылап-сипап бере қойып, Жоқанның, яғни менің — Жоқтыбайдың (осындай сәтте өзімді өзім “Жоқаң” деп жоталандырып алмасам болмайды!) үш айда табар еңбекақысын қақшып кетпек, ә?! Араға жыл салмай қымбаттап жататын құрылыс материалын қарызданып-қауғаланып әрең алып жүргенімде, ойпырым-ай, енді көсегең көгер... гір кооперативіміз мені бассалып жүндемек, ә?!.

Сөйтіп, “Ақ шағаладағы” қожайынмен астаң-кестең “айтысып” келе жатыр едім, көлденең көшеден, құдды оқыра тиген торпақша тапырақтап әлгі Қисық шыға қалсын! “Бүйтіп жүргенше, әй, өлу керек шығар!” деп, жапсардан құлап түскен жас сылақша былш еткені. Бетіне қарасам — мені тірідей жердей.

— И-и-иә!? Не боп қалды? — дедім, уын әп дегеннен қайтарайын деген ниетпен. Көріп жүрген Қисығым ғой. Өзім де көңілді концерттен шыққан жоқпын ғой.

— Бүйтіп жүргенше, өлу керек! — деді ол, бұл жолы “шығарын” үнемдеп қалып.

Ал мен сұрағымды қайталамадым, әдейі қайталамадым, бір сөзім емес, сөйлемім түп-түгел “үнем” болсын деп ойладым.

Қисық маған ала көзін аударып-төңкеріп бір қарады да, менен сәл қиыс тұрған ұзынша орындыққа барып жانتая кетті.

Оның осы қимылының бәрі маған қалайда қызық көрінді де, ыстығын суытпас үшін шоқты үрлей түсейін деген оқыс оймен:

— Сонда андағы орындықта жатып өлгелі келдің бе, басқа жер бос емес пе екен? — дедім, барлай көз тастап.

Қисекен қиқаң етіп көтеріліп, түзеліп отырды да, модный шалбарынан айрылған қыз шіркінше қатты күрсініп:

— Келші, отыршы, ақыл берші! — деді, маған дереу шаршай қарап.

— Сенен аяған ақылды базарға апарып сатушы ма едім, өзіңе қанша керек? — дедім, жанына барып жайғасып.

— Базарың құрысын, ит жемейтін мейіздің kilosы он жеті сомға шығып кетіпті, — деп мырс етті.

— Алаяқтармен алысып қайтесің, менен алар ақылыңды ал да тыныш тап, — деп көсемси түстім.

— Мен далада қалдым, Жоқа, далада! Вот мәселе қайда?! — деп екі қолын бірдей ербең еткізді де, алдына қайта қусырып салды. Басы салбырап кетті.

— Келін қуып шықты ма?

— Ол менен тірі айырыла қоймайды, ол біле-е-еді...

— Білмегенде ше? Сен оның үшінші күйеуісің, ол болса, сенің төртінші әйелің. Екеуің де бәрін білетін жағдайдасыңдар, — деп бір әзілдің ұшығын шығардым.

— Тағы төрт қатын алсам да атағым шығатын емес! — деп Қисығым шынымен-ақ түңіле сөйледі.

Қисекеннің “оқыралау” себебін түсіндім. Ал нені болсын түсінген соң, оны түтету немесе өшіру, түзеу немесе мүлдем істен шығару, сөгу немесе тігу дегендей, оншама киын дөнеңесі болмайды, сондықтан:

— Айтарыңды айт, батыр! — деп, азынаулақ рухын тірілтіп, ақылымды ағыл-тегіл ететін сынайымды да аңғарттым.

— Не айтары бар?! Мына жарық дүниенің бір... әлгі бір... анау кейінгілер айта жүрсін деп... вот қырсық! — деп Қисығым ышқына жөткірініп алды да, ары қарай кетті: — Бұл тарих, жоқ, бұл тағдыр... обшым маған бәрі теріс қарап келеді. Қаншама жыл арпалысып архив ақтарып, газет-журнал тігінділерін түгендеп, көзден айрыла жаздап, “Леонид Ильич Брежнев және Қазақстан” деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды қорғауыма екі күн қалғанда ол құрып кетті...

— Диссертацияң ба? Оған не болды?!

— Ол емес! Брежнев! Леонид Ильич!..

— Қап, бәле-ай, ө?!

— Содан соң тағыда жүріп-жүріп, басым қайтадан істеуге кіріскен кезде “Черненко — нағыз лениншіл” деген жаңа тақырыпты бекіттіріп алып, белді буып, жеңді түріп, жартысын жазып бітіріп қалғанымда, әйдө, ол да құрыды...

— Докторлық диссертацияң ба?

— Жо-ға! Брежневтің орнын басқан Черненко ше?! Соны да білмейсің бе?! — деп, Қисығым құйрығына ине қадала қалғандай баж-баж етті.

— Одан кейін Андроповты жазбадың ба? — дегенім. Оның бажж еткенінен сасып қалсам керек, әйтпесе Қисекемде кегім бар ма?!

— Әйелім айтты, оған да сенуге болмайды, тоса тұр деп?! — деді Қисекем, сәлден соң әлгі сабырсымағымен қайта табысып. — Енді тақырып табу қиын, қазір өзі жалпы қиын болып кетті, ішкі-сыртқы жағдай просто... вот мәселе қайда?! — деп налыды. Бұл жолы екі қолын ербең еткізген жоқ, жалғыз басын шайқады.

— Рас айтасың, мәселе вот қайда! Да-а-а, просто жағдай қиын, — деп “көңіл айттым”.

— Енді қандай тақырыпты алу керек, қане, маған ақыл берші! — деді ол, маған жайлап бұрыла карап. Жүзінен жылау мен күлудің шекарасындағы “иесіз түс” көрінді. Өзім де аяу мен өжуаның арасында қалып:

— Қисеке, сен буы шығып тұрған кешегі-бүгінгі тақырыпты қайтесің, оны қой, ұмыт оны, ұмыт! Айдалада қалған атамзаманғы бір мәселені қолға ал, жүз жылдан бергіге жолама! — деп бір-ақ түйдім.

— Ойбай-ау, Жоқа-ау, сонда қай тақырыпты алуым керек, не бар өзі? — деді Қисекем, дүкенде екі сағаттай тұрған кезегі жете бергенде еттің бітіп қалғанын көрген шалдың дауысымен. Жаным шын ашыды:

— “Тарихта Тазша бала болған ба, болмаған ба?” деген тақырыпты ал да, сырғыта бер!

— Ойбай-ау, Жоқа-ау, ол пәленің болған-болмағанын мен қайдан білем?!

— Әй, Қисеке, ойбайлай берме, ғалым болған соң онда: ойлау, толғау, оқу, тоқу, саралау, даралау, елеу, екшеу, долбарлау, түспалдау, салыстыру, өңдеу, алу, қосу, қиялдау, армандау, ақтау, каралау, салмақтау, сұрыптау, түгендеу, тұжыру, пісіру, түсіру тәрізділер болмаушы ма еді? Тазша баланы бірде “болған” де, бірде “болмаған” де, екеуіне де дәлел келтір. Дәлел деген болмаушы ма еді? Ғалым болған соң бәрі де болуы керек. Дәлелің неғұрлым көп болса, әлгі “болған” дегенінді де, “болмаған” дегенінді де аянбай дәлелдесең, сенің негізгі нысанаңнан басқалар да, тіпті өзін де

адасып қалып, сенің тақырыбыңды қостаушылар да, жоққа шығаруға тырысқандар да бір-бір диссертация жазуға тура мәжбүр болады, ал оған дәл қазір ешкімнің батылы бар-масына мен бәс тіге аламын, өйткені бүкіл елдің ішкі хал-ахуалы да, анау халықаралық хал-ахуал да оны көтермейді, мысалы, ССРО-ның дәл бүгінгі ССРО қалпында сақталмауы әбден мүмкін, ал Парсы шығанағындағы шатақ, понимаешь, просто үшінші әлгі әлемдік соғысқа соқтыруы әбден мүмкін! Өйте қалса, қадірлі Қисеке, сенің Тазшаңның тарихта болғанында да, болмағанында да ешкімнің шаруасы болмайды, так что, тарта бер, аянба! — деп тоқтадым.

Қисекем орнынан көтеріліп кеткен.

Мен де тұрдым.

— Жоқа-ау, сен настоящый ғалымша сөйледің ғой?! — деді ол, тұла бойын танданыс кернеп кеткендей дауыспен.

— Енді қайтейін, тіпті... — дедім, сыр бермей. Қисекем тез жадырап, әуелі жымың-жымың етіп, сонсоң екі езуі екі құлағына қарай жол тартып, өзі мені иыққа бір түйіп қалып:

— Саған келгенім дұрыс болды! — деді де, тайып тұрды.

Келгенін қойып, кеткенін айтсайшы!..

НЕ БОЛЫП БАРАДЫ?

Дұғайдың дарасөзі

— **Уа**, менің: ата-апам, әке-шешем, аға-інім, апай-қарындасым, нағашы-жиенім, бөлем, балдызым, қайынағам, жеңгем, келінім, күйеу балам! **Уа**, менің: әйелім, балаларым, немерелерім, шөберелерім, достарым, жолдас-жораларым, қызметтестерім, көршілерім, тілеулестерім! **Уа**, менің: бастықтарым, бағыныштыларым, басқаларым! **Уа**, бәрің боп мына маған қараңдаршы, торсық шекемді тоқылдақша тесуге тақалған құрып қана біткір бір оңбаған ойым бар, өзіме де, өзгеге де бағынбай барады, соны қаумалап тоқтатып, құрықтап ұстап, байлап-матап, буындырып, қылғындырып бір көрейікші, қайтер екен?! Ол оңбағанның айтары мынау (ымықтан ымыртқа дейін, азаннан ақшамға дейін): “Бү дүние не боп барады?! Оң көздің көргенін сол көз көрмейтін, оң құлақтың естігенін сол құлақ естімейтін болғаны қалай?

Әй, Дұғай, сен осыны сезесің бе, жоқ па? Көріп, естіп жүрсің бе, жоқ па? Төңірегінде тірі жан жоқ бір оңашада тырп етпей отырып, қалған-құтқан ақылыңның қалағына салып таразылашы! Жанталаса жанасып үйренген бұзауға ұқсамай, аспай-саспай, ұшып-қонбай, өзіңнің кім екенінді, өзгелердің кім екенін бағдарлап бақшы!” — дейді. Ол қиқуы қиқу ма, одан арғысын тыңдандаршы: өзің — кәдімгі жазғыш Дұғай Дүрбелеңұлысың. Журналистер одағының, Орман қорғаушылар қоғамының, Өрт өшірушілер компаниясының, Көркем өнерпаздар корпорациясының, Трагикомедия театрлары тресінің бастығысың, тағы басқалардың мүшесісің, онысы-мұнысысың. Аянып жүрмегенің әлемге аян. Өзгелер өйтпейді, бірақ өйткен сені қара мылтықтың қарауылына іліп жүр. Әнеу бір күні Бадырақтың: — Дұғай көшке қашан ілеседі? Көштің алдынан да, ортасынан да, соңынан да көре алмай жүрміз. Қайда ол? — дегенін естіген шығарсың. Шынында сен қайдасың?!. Бадырақты Қосекең қостай кетіп: — Дұғай қайта құрудың мәнісін әлі түсінбеген! — демеді ме?!. Сені бір сауатты кісі білсе, сол Қосекең білуге тиіс еді, сірә, ол сенің соңғы очеркінді оқымаған ғой. Тым құрыса соныңды ойбайламай оқыса, сенің қайта құру несінің... әлгі Қыз Жібек апамыздың көшінің көкесінің көкесіндей боп жетінші жылға кеткен пәтуәсіз процестің паровоздан кейінгі вагонында екенінді білер еді”, — деді ол оңбаған ой шіркінім.

Ол шіркін аты-жөнін атамаған очеркім өзіме қатты ұнаған. Онда мен нені айттым? Нені аңғарттым? Нені түсіндірдім?.. Қайта құру лап қойған сонау жылы анау әйгілі “Ақтас” совхозының директоры Қаратасов қалайда орнынан түсірілді. Редакторымыз мені шақыртып алды да: “Сен давай бар да, жаз бәлемді! Жоғарғы жақтан задания бар, көзінің жасын құлағынан шығар!” деді. Задания болса зарлатпайтын кім бар?!. Көзінің жасын құлағынан ғана емес, басқа жерлерінен де саулатып беру оп-оңай!.. Қаратасовты қатырып келген тексерушінің құжынаған құжаттарын үш күнге сұрап алдым да, жалпақ үстеліме жайып салдым да, ары ақтарып, бері ақтарып, отырып көшіріп, тұрып көшіріп, екі күн екіленіп, үшінші күні шұқшиып, үш сағат отыз жеті минутта зымыратып сүйкеп-сүйкеп тастадым. Редакторымыз фельетонымның даже “Асқанға-тосқан” деген тың образный тақырыбына да қалам тигізе алмады, газетіміздің келесі күнгі санына шұғыл шығартты. Ал оқыған таныстарым: “Қара-

тасовты қара тасша үгітіп тастапсың!” , “Қаратасовты айдың арғы бетіне қуып тығыпсың!” — деп өзімнен сүйінші сұрады. Әрине, сөйттім! Ортамыздан аласталған, не партияға, не үкіметке керек болмай қалған Қаратасов маған керек пе еді?! Әрине, аянбадым да аямадым, үгіттім, қуып тықтым!

Ә, мен фельетонымды айтып кеткен екенмін ғой. Оқасы жоқ. Енді очеркімді айтайын. Да, оқасы жоқ, өйткені фельетонымның кейіпкері де — Қаратасов, очеркімнің кейіпкері де — Қаратасов. Сол бір пәле, тойыст, сол бір адам. Қаратасовтың да, менің де қайта құрудың қақ ортасында жүргенімізді Бадырақ пен Қосекең біле білмеген; біле білсе, бықсымас сөзді бықсытпас еді. Е, мейілдері. Ал енді очеркімді айтып берейін.

Осыдан ай жарым бұрын біз өлгі Қаратасов әбден ақталып шығыпты деп естідік. Біреу: “Дұрыс болды!” — деді; біреу: “Масқара!” — деді. Е, жарайды. Қазір кімнің не айтсам десе де еркі ғой. Демократиямыз гүлдеп тұр. Сонсоң Қаратасов сол баяғы совхозына қайтадан барып, сол баяғы директорлығына қайтадан тағайындалыпты деп естідік. Біреу: “Бәрекелді!” — деді; біреу: “Мәссаған!” — деді. Е, мейілі. Қазір кім кімді, қайда, неше тағайындаймын десе де еркі ғой. Демократия! Сонсоң бір күні редакторымыз мені тағы да шақыртып алды да: “Сен давай “Ақтас” совхозына барып қайт, Қаратасов жолдас туралы қатырып тұрып, знашит жақсы очерк жазып кел!” — деді. Жоғарғы жақтан задания баржоғын айтпады, бірақ тапсырма онсыз да түсінікті болды, “жақсы очерк жазып кел!” дегені білген кісіге жетіп жатыр. Мен Қаратасов жолдасқа барып қайттым, жақсылап жазып қайттым. Рас, Қаратасов жолдас мені өзі қабылдай алмады, бір маңызды мәжілісі болып жатса керек. “Керек фактісін тауып беріндер” деп бас бухгалтеріне тапсырыпты. Ол тауып берді, мен тандап алдым. Редакторымыз очеркімнің “Білгір басшы, асыл азамат” деген әдемі тақырыбына қалам тигізбей, даже арғы жағын оқымастан газетіміздің келесі күнгі санына шұғыл шығартты. Ал очеркімді оқыған таныстарым: “Қаратасовты алты қабат аспанға шығарып, айға мінгізіп қойыпсың. Анау жылы Есіктен табылған өлгі алтын адамды да ешкім бүйтіп жаза алмап еді!”, “Қаратасовты бірге туысқан ағаңнан, тіпті өкеңнен де артық көретін адамша кереметтеп жазыпсың-ау?!” — десті. Әрине, сөйттім! Партия да, үкімет те керек еткен ардақты адам, асыл азамат,

білімді басшы маған керек емес пе екен?!. Менің торсық шекемді тоқылдақша тесуге тақалған оңбаған ойым дұрыс айтады, егер әлгі Бадырақ, әсіресе Қосекең менің соңғы очеркімді оқыса бар ғой, онда: “Дұғай қайта құрудың мәнісін әлі түсінбеген”, дегендей нені... сандыр... бос сөзді боратпас еді. Оқымаған. Оқымайды да.

* * *

Мен Дұғайдың бұл дарасөзін, тіл мамандарының тілімен айтқанда, — монологын кеше тыңдадым. Көшеде кездесіп, есен-саулық сұрасқан соң-ақ бастады да, “дем алмастан” айтып шықты; мен “дем алдырмастан” тыңдадым. Ол: “Оқымаған. Оқымайды да”, дегенді басын шайқай айтты да, кенет тіптен жуасып, алдында ғана екіленіңкіреген екпінінен бірден айрылып, маған енді қатты шаршап-шалдыққан жанша қарады. “Түсіндің ғой, құдайшылығын айтшы!” дегендей. Мен не дейін: “Саған жаным ашиды!” дедім де, бұрылып кете бардым. Сол әредікте маған оның соңғы екі сөзі соның алдында ғана көршім Көкқасовпен болған қысқа қайырымды әңгімемді есіме қайта түсірді. Жұмысқа баруға үйден шыққан бетім-ді. Бұрышта Көкқасов кездесе қалды. Күндегімізше сәлемдестік.

— Ғабеке, осы сенен бір нәрсе сұрап алайын деп едім, сәл аялдашы! — деді.

— Сұраңыз, алыңыз, — дедім. Көкқасов жымыды да:

— Бізге үлкен президентіміз Горбачевтің келіп кеткені кеше ғана, оны өзің де білесің, — деді.

— Біздің президенттен үлкен емес екен, — дедім. Көкбасов тағы жымып:

— Мен бойын айтып тұрғам жоқ, — деді.

— Мен ойын айтып тұрмын, — дедім. Көкқасов жымығанын қойып:

— Осында, цыканың үйінде болған кездесуде керемет сөйлепті ғой? — деді.

— Кереметі қалай?

— Енді.. жалпы жағдайды... елдегі, халықаралық жағдайды айтыпты.

— Оны күнде естіп те, оқып та жүрміз, басқа немене депті?

— Қазақстанды мақтапты.

— Не деп?

— Жұмыс істеп жатырсындар деп.

— Жұмыс істеп жатқанымызды онсыз да білетін шығармыз. Тағы не айтыпты?

— Е, басқа не айтуы керек? Ондай үлкен адам үлкен сөйлеуі керек емес пе, басқа не десін? — деп Көкқасов ренжіңкіреп қалды.

— Сіз кездесуде болдыңыз ба?

— Жо-ға!

— Сөзін оқыдыңыз ба? — дедім, дауысымды бұзыңқырап. Көкқасовым:

— Оқи алмадым, басқалардан естідім, құдамнан естідім. Опшым... да, обшым Горбачев жолдастың келгені дұрыс болды, Қазақстанның аптаритетін бір көтеріп тастады! — деді де, пенжағының екі жеңін кезек-кезек қаққылай жүріп кетті.

— Дұғайдың басқа сөзінде түйір дән болмас да, “оқымаған, оқымайды да” дегенінің жаны бар. Мысалыңыз — Көкқасов, әне! Горбачевтің біздегі сөзін Мәскеуден бергі көдедей көп газеттің бірінен тым құрыса жарым-жартылап оқыса, “керемет” деп сырттай кеуіп-піспес еді. Көдедей көп демекші, мәселен, Компартияның “Правдасы” М. С. Горбачевтің Алматыдағы сөзін шып-шырғасыз жариялады, ал Горбачевті қошеметтеп төріне шығарып, қазы-қартасын ұсынған біздің бәсекеңнің сөзін жолатпады. Онысы несі? Мейман — шешен, үй иесі — мешел дегені ме? Әлде Саяси бюро мүшелері онда сорт-сортқа бөлініп қойылған ба екен?!

— Әй, көкқасовтар, көкқасовтар!.. “Керемет сөйлеген” Горбачевтерінді көрмедім ғой?! Оның аузынан “қазақ жері”, “қазақ халқы” деген сөздер байқаусызда болса да шықпады. Сонда ол қайда келді екен?! Алматыда 1986 жылғы желтоқсанда қанды қырғын жасағаны былай тұрсын, ол оқиғадан ешбір хабары жоқтай, хабары болған күннің өзінде ол оқиғаны теріс-қағыс бағалауға қатыспағандай, өйтеуір, көлденең көк аттыша көпіріп сөйледі. Қазақ халқына “ұлтшылсың” деп лағып күйе жаққандары үшін кешірім сұрауға да жарамады, бірақ астық сұрауды ұмытпады ол зәлім. Біздің Президент: — Анау Орал казактарының, әлгі Янаевының әрекеттеріне ашынып, біз өйтіп “бүйректен сирақ шығаруға” жол беріп отыра алмаймыз дегенде президиумдағы Горбачевтің өңі өзгеріске ұшырай қоймады, беті майлы қағаз-

дай жылтырап, қақырық басы қалт етпей, әлдебір газетті аударыстырып отыра берді. Сонсоң қайтсін, ең алдымен естуге, ең алдымен тыңдауға тиіс сөздерді “ести алмай, тыңдай алмай қалғаннан” кейін анау алаөкпе болып, жың ұрып жүрген атамандары мен аламандарына: “Ей, сотанақтар! Желікпес жерде желікпендер! Сендерді алалап, шет-қақпайлап, кет-кеттің астына алып жүрген қазақты көрген жоқпын. Сипағанды да, силағанды да білу керек!” демеді. Дегісі келмеді. “Кереметі” сол болды. Оның сөзіндегі ел атын, жер атын, кісі атын өзгертсең, “астықты” әлде мақта, әлде көмір, әлде темір десең, шынында қай жерде, қай жылы сөйлегенін айыра алмасың хақ.

Әй, көкқасовтар, көкқасовтар!.. “Аптаритет” дейсіндер, ә!. Қазақстанға кім келмеді?! Хрущев та, Брежнев те төрімізде серейте созған аяғын жимастан шалжиып-шалжиып жатпаппа еді, көпірген езуін сүртпестен сөйлемеп пе еді?! Содан Қазақстанның беделі көтерілді ме? Жасайтынын жасап, асайтынын асап кететін. “Көсемнің” келгенінен көсегесі көгерген республиканы көрген болсам, көзімді желкеме шығарып жіберіндер!

Әй, көкқасовтар, көкқасовтар!..

СОҢҒЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Мәртебелі мырзалар! Сонау Қазан төңкерісінен беріде бәріміз жабыла жинаған социалистік-коммунистік сөздеріміздің біразы бүгінде тіліміздің түбінен суырылып алынып, әлгі есіктен итке лақтырылған сүйектің күнін кешіп жатыр. Ой-хой, дүние, десеңші! Басқасы басқа ғой, дәп “жолдас” деген сөз иістенеді деп кім ойлаған?! Ең кішкене, шынашақтай ғана бастыққа өтініш жазғанның өзінде “Пөленбаев жолдасқа” демесек, ол өтінішіміз ары қарай оқылмай, жолы болғанда — бәсекеңнің алдындағы хат тіркегіш бикеш арқылы архивке кететін, ал жолы болмағанда — бәсекең ол байғұсыңды ортасынан қақ бөліп, үстелінің қапталындағы қоқыс ыдысына тастай салатын. Әлі есімде, Мықыр атты бір бастық менің өтінішімді сөйтті, айтпақшы, сөйтіп қана тынбады, тегі жыны желкесін тырнап отырды ма, ит білсін, үстіне ышқына қақырып та жіберді.

— Ойбай, оныңыз не?! — деп шырр ете қалмаймын ба.

— Оным сол! Әбілетов жолдасқа деп прабілні жазбағаның қалай, а? Мен боржойдың тұқымы емеспін, “М. Әбілетовке” дей салатын! Мен — совет, со-вет кад-ры-мын! Маған “М. Әбілетов жолдасқа” деп жазу керек! — деді бастық шіркін, өзі қара кісі мүлде қарақошқылданып кетіп.

— Олай екенін...

— Қайтадан прабілні жазып әкел, “олай екенін” дегенше. Бара бер, енді уақытымды алма, бар! — деді, орнынан ұшып тұрып, доңыздың көзіндейінен қылпып түсер кездік шығарардай шүйіле қалып.

“Пәледен машайық қашқанда” маған не жорық, шыға жөнелдім, бірақ тек кетпедім, ішімнен: “маймыл сияқты сиқынды..!” деп ондырмай шықтым. Содан кейін оның алдына жолаған жоқпын. Себебі ол өсіп кетті. Өзі өскіш, ей! Алматыдан бірдеңе оқу бітіріп, ойнақтап аудан орталығына келіп, көкесінен қалған кеңсеге кіріп ала қойып еді, бірақ мен бір өтініш беріп үлгіргенше облыс орталығына көшіп кетті. Креслосы биіктеп, портфелі “қондана” қалған еді. Біз шөп шабуға кірісе бастағанда ауысқан. Шөпті үйіп болып, енді егін орағына қамдана бергенімізде “М. Әбілетов жолдастың” астанадан бір-ақ шыққанын естідік. Уәйда! Министр болыпты! Жерлесінің министр болғанына жетесіз қу ғана қуанбас. Біз той жасай жаздадық. Егін орағына кірісіп кетпегенімізде жасайтын едік. Сонсон қайтейік, өкіметтің шаруасы шатақ емес пе, тойды кейінге қалдыра тұрдық та, “М. Әбілетов жолдасты”, жо-жоқ, Мықанды жерлестерінің атынан шын жүректен құттықтап келуге Жолдыбекті жібердік, — қалай жібергенімізді іштеріңіз білер, ел емеспіз бе! Самолетке екеулеп-үшеулеп отырғыздық.

— Амансыңдар ма? — деп ертеңінде Жолдекеміз түрмеден шыққан кісіше жапақтап келіп тұр.

— Әй, не, иә, қалай барып келдің? Мықаңа жолықтың ба, сәлем бердің бе? — демейміз бе, жан-жағынан жамырап.

— Сәлемді... бердім ғой, бірақ ол сәлемдемелеріңді ғана алды, діземді бүктірмеді, — деп Жолдыбек құдды үйден шыққаннан бері отырмағандай сылқ етті.

— Әй, мынаған не болған?! — деді Сәйдім ақсақал ренжіп. Жолдыбекке ренжудің өзі жол білместігіміз екен.

Жолдекең астанаға аман-есен барған. Мықанның министрлігін тез тауып алған. Түскі үзіліске шығарларына дәл барып, Мықаңа сыртқы есік көзінде қарсы ұшырасқан.

Сәлем беріп, оң қолын ала жүгірген. Мықаң оған сол қолын ұстатып: “Сен мұнда не бітіріп жүрсін?” — депті, кейіген кеспірмен. Жолдыбек бәріміздің сәлемімізді, құттықтауымызды үйіп-төккен, теңкиген төрт сөмкемізге қарағыштап тұрып.

— Мен қиыншылықта жүргенде қайда қалдыңдар?! Сендерге енді керек болдым ба?! Андағыларыңды, әйда, анда апарып салыңдар! — деп Мықаң көлденеңдей қалған “Волгасын” тұқыл иегімен нұсқапты. Шофері де ытқып шығып, Жолдыбек екеуі төрт сөмкемізді мәшинеге тоғытыпты. Мықыр да мәшинесіне жайғасып, тұқыл иегін көтеріп, тайып тұрыпты. Жолдыбегіміз жетім бейшараша сопиып қала беріпті. Сонсоң қашанғы тұрсын, бір түкіріп (түкіргенде іштей нендей “дұға қайырғанын” бізге айтпады), аэропорт жаққа қарай аяндапты.

— Пенжағымды киіп тұрғаным жақсы болды, — деді Жолдекең.

— “Киіп тұрғаның” қалай? — дейміз ғой.

— Күн күйіп тұрған. Таксиден моншадан шыққандай болып шықтым да, пенжағымды шешіп, қызыл сөмкенің үстіне салып қойдым. Мықырдың сыртқы табалдырығына сөйтіп көйлекшең бардым. Содан кейін: қой, ыстық болса да киіп алайын, министрдің алдында көйлекшең тұрғаным ұят болар деп ойлап, дереу киіп алдым, дәл сол минөтте Мықыр да шыға қалды, — дейді Жолдекең.

— Пенжағың сөмкеңнің үстінде жатса, “Гитлер капут”! сонда болады екен-ау, ә? — деп Кеңесхан кеңкілдеп күлді.

— Ойбай, айтпа! Шалбарымды қоса сыпырып алып кететін еді, Мықырдың түрі жаман көрінді, — деп тіксінді Жолдыбек.

— Қойыңдар. Өзімен кетсін!. Орын-орындарыңа барыңдар, көне, — деп Сәйдім ақсақал бізді таратып жіберді...

Сол Мықыр — “М. Әбілетов жолдас” бір қиыншылыққа тап болыпты деп естідік, содан кейін он үш жыл өткенде. Өмірінде ешқашан ешбір ауыртпалық көрмесе де, баяғыда Жолдыбекке: “мен қиыншылықта жүргенде қайда қалдыңдар?” дегені есімізге түсіп, есептесіп қайтеміз, өз ауылымыздың бір қара домалағы емес пе еді, біреуіміз барып, жағдайын біліп қайтайық дестік.

— Ел аман, жұрт тынышта “мен қиыншылықта жүргенде” деп өз басына өзі сақина тілеп шатылған еді, соны қайте қоямыз? — деді Кеңесхан, жақтырыңқырамай.

Көпшілік Кеңесханды құптамады. Ағайыншылықты өкпешілдікке айырбастамады. “Саттар барып келсін!” десіп, астанаға енді мені аттандырды.

Жеттім Алматыға. Менің сөмкем біреу-ақ. Бірақ соның өзі де “өп-бәрекелді!” Соғымнан сыбаға.

Желтоқсанның орта шені еді. “М. Әбілетов жолдасты” іздеп өлгі министрлігіне барып өуреленіп жүрсем, “М. Әбілетов” жолдас ұшынып кетіпті, ылдидағы бір қызметке жіберіліпті. Министрліктегі бір қайырымды кісі ары іздеп, бері іздеп, бір тозығы жетіңкіреген кітапшадан Мықырдың үй телефонын тауып берді. Сол жерден хабарласып едім, “М. Әбілетов жолдастың” өзі алғаны, телефонының тұтқасын. Осылай да осылай, демеймін бе.

— Е, келемін десең... кел енді, — деп керігеді Мықырым, қырылдап. Сондайда сап ете қалатын сайтаным болушы еді, ол да тостырмады, баяғыдағы Жолдыбектің сапары да есіме сарт етті:

— Әй, Мықа! Жерлестеріңнен жеріген болсаң — оны айт. Әйтпесе, саған күніміз түскендіктен келген мен жоқ, құдай біреуге күнімізді түсірмесін! Ағайынның адал көңілін танытын жаста емессің бе?! Мұнда өзімнің жанашыр жақындарым да толып жатыр, соларға барып, соларды қарық қылар халдемін, құдайға шүкір! — деп, бастырмалата жауған жаңбырдай жіберейін сөзді. Қайдан білейін, тіпті!

— Ұқтым, ұқтым, Сөке, кел! — деп дереу үй әдірісін айтты.

Бардым. “М. Әбілетов жолдас” дін аман. Май тыққан бүйендей жып-жылтыр. Әйелі кеше санаторийге кетіпті. Құдағиымен бірге. Мықыр: мен ертең барам, бүгін бір жұмысым болып қалды, деп мәлімет берді. “Жалғыз ұлымды жақсы үйлендірдім!” деп бір көтеріліп қойды. Құдасының кім екенін мен сұрамасам да өзі айтты — бір мықты екен! Шынымды айтайын, онысын естігенде басым айналып кетіп, орнына әрең келгендей болды. Мықырдың үйі хан сарайындай болмай, қуықтай бірдеңе болғанда бар ғой, басым орнына келе алмай, кеңірдегім жаншылып, құлап та калуым кәдік еді, ол-ла-хи!

— Ұлың қайда? — дедім сасқанымнан.

— Е, оған төртінші курста жүргенінде-ақ екі бөлмелі пәтер алып бергенмін, сол жылы үйленді, өз үйінде! — деп

Мықыр ешкінің тұяғындай жез кебіс-сауытына шырт түкірді. Онысын қолына ұстап отырады екен.

— Басқа балаң бар ма? Нешеу? — дедім.

— Қыз бар еді, күйеуіне кетті, бір замминистрдің ұлына, — деп “М. Әбілетов” жолдас тағыда шырт түкірді. “Әй, мынаның түкірігі көбейе бастады, ақырында аман болғай!” деп сескеніңкіредім. Денсаушылығын тезірек сұрап, сыбағасын қотарып беріп, күн бұзылмай тұрғанда тайсам ба екен, деп ойладым. Есіме баяғы төрт сөмкеміз түсіп, соны ала кетсем деген арамзалау жоспар да құрыла қалды көкейімде. Қой, асықпайыншы, байқай тұрайыншы, түкіргенін сиретер әлде, деген адвокат пікірім де қосарланды.

— Мықа, денсаулығың қалай? Қызмет ойдағыдай ма? — дедім.

— Денсаулықты түзеп алғанмын, оған жалобым жоқ! Ал қызмет... қазір рядовоймын, министра Абилетова тоже нет! Бір склочниктер соңымнан қалмай жүр, понимаешь! — деп Мықырым түтігіп, түкіріншесін отырған жуан төртпақ орындығының астына сырғытып жіберіп, орнынан ұшып тұрды. Бірақ, үй ішін кезіп кетпеді, қайтадан отырды. “Әй, мынау түкіргенін қойғанмен, енді орысша сөзін көбейтті, тегі тезірек сырғығаным оң болар”, деп түйдім. Босағадағы сөмкемді барып алып, әкеліп аузын ағыта беріп едім, Мықырым оны қолымнан сып еткізіп қағып ала жөнелді. Басқа бір бөлмесіне апарып, онда біраз бөгеліп, сонсоң қайта шығып, солбырайған сөмкемді босағадағы орнына лақтырып жіберіп:

— Бүгін осында қонасың. Екеуіміз ғана боламыз. Ет асып келдім, — деді.

Расында екеуіміз ғана болдық. Таң белгі бергенше отырдық. Етке ілесе “Наполеон” деген бір пәлесі, коньяк дейді, сонысы келген. Мен онымен күш сынасудан бас тарттым. Напекен кім, мен кім?! Ал Мықыр жасқанбады, “андысқан жау атыспаққа жақсы” ғой. “Мен бұдан басқаны не хочу!” деп тағыда орысшалап алып кірісті.

Сол түні “М. Әбілетов жолдас” соңғы екі бесжылдықтағы “архивін” ақтарып шықты. “Архивіндегі” қат-қабат “құжаттарынан” аңғарғаным мынау болды:

Оның диплом жұмысын Игнатов деген үздік студент жолдасы жазып берген. Өйтпегенде ше?! Ол Мықаңа 570 сом борышты болған. Аузын ашса-ақ ұстата беріпті, әке байлы-

ғын аясын ба! Ертеңгі күні күліп қайтарын алдын ала жоспарлаған. Соның арқасында қызыл диплом алып шығыпты. Ауданға, облысқа көп аялдамағаны соның күдіреті көрінеді;

оның кандидаттық диссертациясын Гиллер деген доцент даярлап берген. Өйтпегенде ше?! Мұның әкесі оның әкесін совхозға бас бухгалтер етіп алған. Жақсылыққа — жақсылық;

оның докторлық диссертациясын Акопян және Сикорский дұрыстап берген. Өйтпегенде ше?! Мұның қала басшылығындағы нағашысы Акопянға үш бөлмелі пәтерді кезектен тыс алып берген де, Оқу министрлігіндегі жиені Сикорскийдің ұлын университеттің философия факультетіне оқуға конкурстық қабылдаған. “Алмақтың салмағы бар”;

бұл өзі доктор болып шыққаннан кейінгі жылы ЦэКа КаПэКа-дағы ағасының тандауымен министр болып тағайындалған. Өйтпегенде ше?! Ағасы бардың бәрісі бар. Мұның жұмыс саласында бұдан басқа ғылым докторы болмаған — сирек кездесетін кадрға жол даңғыл;

бұның тілеулестері көп, серіктері көп — өрісі ерекше кең. Ғылым докторы министрдің ауызы уәлі екенін түсінетін ақылдылар жетіп артылып жатады. Қандидаттықтан үміткер қызметкерлері ғылыми еңбектеріне мұны қосалқы автор етуге әзір. Өз еркімен қосалқы автор етпегендерінің еңбектері жарық көрмейді, яғни: бірі кандидат бола алмай, бірі кандидаттан ары аяқ баса алмай қоштасады, қоштастырар тоқпағы бар, керек сәтінде күбірлесе — бітті: айтқанға көнбейтіндердің “орнында күлі ғана қалады!” (соңғы төрт сөз бен леп белгісі — “М. Әбілетов жолдастың” жеке меншік “лебізі”);

оның “тепкен тасы өрге домаламақ” тұрғай, Алатаудан асып кеткені министр тағында төрттекшеленіп отырғанында екен. Министрлігіңіз оның жанқалтасында болыпты. Қай бөлімді ашады, қай бөлімді жабады, кімді қайда отырғызады, кімді қайда жатқызады — өзі біледі. Сенген — сенсін. Сенбеген — қойсын. Қазір барып сұрандар, бәрі-ақ жырлап береді: біреуі күліп, біреуі жылап жырлайды, айырмасы сол ғана;

оның үйі — үй емес, дүние-мүлік музейі. Шетінен — шет елдердікі! “Егер анау склочниктердің жолы болып (көнечно, жолы ешқашан болмайды!), менің мына үйімдегі заттарым тізімдеп жазыла қалса, общая сумма перевалит миллиона рублей!”, бұл да — “М. Әбілетов жолдастың” жекеменшік сөздері. “М. Әбілетов жолдастың” аузынан ақта-